

"Баланың бас ұстазы- ата-анасы"

Ата-ананың бас қуанышы - бала. Ата-ананың басты қызығы, алтын тіреу дiңгегi-бала. Дүниеге келерiнде де, келген соң да ата-анасын бiрден татулыққа, сыйластыққа, ынтымаққа шақырып, ата-ана көңiлiн жақындастыра түсетiн - бала. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап тәрбиелеудi керек етедi.

«Жас бала - жаңа өркен жайған жасыл ағаш тәрізді»-дейдi халқымыз. Жерге отырғызылған жас көшет те қашан тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалып, саялы ағаш болып үлкейгенше мәпелеп күтiп, үзбей тәрбиелеудi керек етедi екен. Балада дәл сол сияқты.

Отбасы - адамзат бесiгiн тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы - ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны iледi» деген ата-бабамыздан қалған асыл сөздің сырына үнiлер болсақ, яғни бала әкеден ақыл, анадан мейiр алады. Ата-анаға баладан жақын ешкiм жоқ. Сондықтан қай ата-ана болмасын баласының бiлiмдi, әдептi болуын армандайды. Демек, бала байлығымыз, ал ең асылымыз – оның тәрбиесi екен. Абай атамыз айтқандай «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады».

Отбасы - тұлғаны дамытатын кiшiгiрiм орта. Қоғамдағы отбасының мақсаты баланы дамытып қана қоймай, оны өмiрге дайындап, рухани жағынан жеткiзiп, тұлға ретiнде қалыптастыру.

Отбасы – адам баласының алтын дiңгегi, өйткенi адам ең алғаш шыр етiп дүниеге келген сәтiнен бастап, осында ер жетiп, отбасының тәрбиесiн алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажеттi, әрi қасиеттi алтын мектебi.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшiн өмiрдегi басқа еш нәрсенiң күшiмен салыстыруға болмайтындай. Өйткенi ата-ананың балаға деген тәрбиесiнiң орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесiгiңдi түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесiнiң маңызын айқындатып түр емес пе? Тәрбие адам тағдырын шешедi. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекшi балаға отбасы ошақ қасында көрген тәрбиесi де көп әсерiн тигiзедi.

Сондықтан ата-ана әрдайым: «Әдептi бол, тәрбиесiздiк етпе, көргенсiз болма» деген сияқты сөздердi балаларының құлағына құйып өсiрген.

Қазақ отбасында өз баласын мейiрiмдiлiкке, имандылыққа баулып өсiрген, үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында өздiгiнен тiл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келедi.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, iрiктеп алған озық тәжiрибесi мен iзгi қасиеттерiн жас ұрпақтың бойына сiңiру, баланың

қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларын ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

«Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла», -деген қағиданы берік сақтауға ата-ана міндетті.